



## ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТИ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (бұдан әрі - Университет) оқытушысының Ар – намыс кодексі - бұл қазақ халқының дүниетанымының, оның тарихи және мәдени мұрасының ұлттық-құндылық мұраттарына, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген дәстүрлі моральдық-этикалық нормалардың жиынтығы. Университет оқытушыларының қауымдастыры, осы Ар-намыс кодексін қабылдауда университеттің миссиясы мен стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін өзінің жауапкершілігін түсінеді, университеттің ғылыми-зерттеу қызметін тиімді жүзеге асыратын аграрлық білім берудің көшбасшысы ретінде университеттің корпоративтік мәдениеті мен имиджін қолдайды және дамытады.

### **ҚазҰАЗУ оқытушысы міндетті:**

**СТАТЬЯ 1** Қазақстан Республикасының Конституциясын және ҚР заңнамасын, ҚазҰАЗУ Жарғысын, ішкі тәртіп Қағидаларын, профессор-оқытушылар құрамының, қызметкерлер мен білім алушылардың мінез-құлқының этикалық Қағидаларын және университеттің басқа да ішкі нормативтік актлерін сақтауға.

**СТАТЬЯ 2** Оқытушы өзін және өз кәсібін құрметтей отырып, өзінің және өз университетінің, факультетінің/ жоғары мектептің, кафедраның беделін, абыройын сақтай отырып, лауазымдық нұсқаулықтар мен еңбек келісімшартының талаптарын сақтай отырып, университеттің дәстүрлерін құрметтеуге, оның беделінің өсуіне ықпал етуге, оның ғылыми-техникалық және мәдени дамуына ықпал етуге, ғылым, білім және ғылым игілігі үшін адал еңбек етуге, студенттік жастарды тәрбиелеуге, өзінің қызметтік міндеттерін қатаң сақтауға, ғылыми және педагогикалық біліктілігін үнемі арттыруға.

**СТАТЬЯ 3** Жоғары мәдениет пен моральдың үлгісі, мәдени дәстүрлерді белсенді насиҳаттаушы және олардың университетте дамуы үшін күресуші ретінде қызмет етуге. Жоғары білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алуға, өз қызметін асыра пайдалануға, лауазымдық теріс қылықтарға, құқық бұзушылықтар мен сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеуге.

**СТАТЬЯ 4** Оқытушы өзінің келбеті және мінез-құлқымен жоғары адамгершілік өнегесін көрсетуге, білім алушылар мен әріптестеріне адал, принципті және әділ болуға.

**СТАТЬЯ 5** Әрқашан достық қарым-қатынасты, шығармашылық ынтымақтастықты және рухани өсу ахуалын қолдауға. Ұжымда және студенттік топтарда кикілжің жағдайлардың туындауын болдырмауға, Академиялық адалдық кодексінің нормаларын қатаң сақтауға.

**СТАТЬЯ 6** Кәсіби бағдар жұмыстарына, университеттің қоғамдық және мәдени өміріне, студент жастардың мәдениеті мен білімі деңгейін арттыру жұмыстарына белсенді қатысуға.

**СТАТЬЯ 7** Оқытушы бойында өз атына нұқсан келтіретін, қоғамға, университетке, жекелеген тұлғаға моральдық және материалдық зиян әкелетін құқық бұзушылықтар мен киқілжің жағдаяттар, түсінбестік, сенімсіздік ахуалын туғызатын қылыштар, жанжалды және криминогендік ахуал туғызатын іс-әрекеттерге жол бермеуге.

**СТАТЬЯ 8** Университет әкімшілігімен еңбек келісім-шартына отыруға және университет оқытушысының, осы Ар - намыс кодексінің аталған баптарымен танысып өз келісімін растауға.

**СТАТЬЯ 9** Ар-намыс кодексінің баптары, лауазымы мен жұмыс мерзіміне қарамастан, барлық профессорлық-оқытушылық құрамы үшін бірдей.

**СТАТЬЯ 10** Ар-намыс кодексін бұзу кафедра отырысында, факультет кеңесінде талқылау объектілерінің біріне айналады және ол расталған жағдайда еңбек шартын бұзу үшін негіз болып табылады.

*Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде  
бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.*